

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін 2010 жылдың 26 наурызында сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекен-жайы бойынша (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы құлақтандырады:

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғам Директорлар кеңесінің бастамашылығы бойынша шақырылады.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 9.00.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10.30.

Кворум болмаған жағдайда акционерлердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы сол күн тәртібімен, сол мекен-жай бойынша 2010 жылдың 29 наурызында сағат 11.00-де басталады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау күні – 2010 жылдың 1 ақпаны.

Акционерлер күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 12-қабат, 1207-кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында 2010 жылдың 18 ақпанынан бастап жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmger.kz сайтында таныса алады.